



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 12 ақпан

Данияр Ақышев – 2014 жылдан бері алғаш рет күнтізбелік жылдағы ағымдағы операциялар шоты профицитпен қалыптасты

2019 жылғы қаңтарда айлық инфляция 0,5% болды, жылдық инфляция 5,2%-ға дейін баяулады, ал күйзеліс болмаған кезде базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляцияның 4-6% жаңа дәліздің ішінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы жыл басынан бастап теңгенің долларына қатысты нығаюы байқалатынын хабарлады. Мәселен, 8 ақпандағы жағдай бойынша теңге бағамы жыл басынан бері 1,4%-ға нығайып, бір доллары үшін 378,73 теңгені құрады. «Бұл мұнай нарығындағы жағымды конъюнктура және Ресей рублінің нығаюы аясында орын алуда», - деді Д. Ақышев.

Ол Қазақстан Ұлттық Банкінің еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін ұстануды жалғастыратынын атап өтті. Ұлттық Банктің валюта нарығындағы нетто-интервенцияларының көлемі 2019 жылғы қаңтарда нөлге тең болды.

«Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері қаңтардың соңында алдын ала деректер бойынша 30,6 млрд доллары, Ұлттық қордың активтері 58,2 млрд доллары болды. Жалпы халықаралық резервтер 88,8 млрд долларын құрады», - деді қаржы реттеушісінің басшысы.

Д. Ақышев сондай-ақ 2014 жылдан бастап алғаш рет күнтізбелік жылдағы ағымдағы операциялар шоты 0,9 млрд доллары профицитпен қалыптасқанын атап өтті, бұл макроэкономикалық үрдістердің жақсаруын растап, теңгенің бағамына оң әсер етеді. «Жақсару сауда балансының 27,4 млрд долларына дейін 58%-ға өсуіне байланысты. Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 10%-ға өсіп, 4,1 млрд доллары болды», - деп түсініктеме берді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы.

Данияр Ақышев – Қаржы нарығындағы ахуал біртіндеп жақсаруда

2018 жылы ұлттық валютамен депозиттердің 4,5%-ға өсуіне байланысты депозиттер 6%-ға 18,6 трлн теңгеге дейін өсті. Доллар баламасындағы шетел валютасымен депозиттер 7%-ға төмендеді. Депозиттерді долларландыру желтоқсанның соңында 48% болды. Мұндай деректерді Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Үкіметінің отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы кредиттеу нарығының қалпына келіп жатқандығын хабарлады. «Өткен жылы жаңа кредиттер беру 24%-ға немесе 2,6 трлн теңгеге өсті. Қайта құрылымдаудан өткен және лицензиядан айырылған банктердің кредит портфелін қоспағанда, экономиканы кредиттеудің жылдық өсуі 7%-ға немесе 884 млрд теңгеге бағаланады. Кәсіпорындарға теңгемен кредиттер бойынша ставка жыл

басында 13,2%-дан желтоқсанда 11,7%-ға дейін төмендеді», - деп атап өтті Д. Ақышев.

Ол сондай-ақ экономиканың басым секторлары үшін 600 млрд теңге сомаға ұзақ мерзімді ресурстар беру міндеті шеңберінде Ұлттық Банктің Үкіметпен және банктермен бірлесіп жобаларды қаржыландыру тетіктерін әзірлегенін айтып берді. Д. Ақышев айтқандай, бұл бағыт биыл кредит берудің қосымша өсуін қамтамасыз етеді.

«7-20-25» бағдарламасы 8 банк арқылы жүзеге асырылады. «7 ақпандағы жағдай бойынша банктер 61 млрд теңге сомаға 5 181 өтінімді мақұлдады. Ұлттық Банк белсенді түсіндіру жұмысын жүргізуде. Бағдарламаны іске асыру барысы бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жария етіледі. Call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді», - деп толықтырды Д. Ақышев.

Ұлттық Банк Төрағасы қаржы нарығындағы ахуал біртіндеп жақсаруда екендігін атап өтті. «Жыл қорытындысы бойынша банктердің активтері 25,2 трлн теңгеге дейін 4,5%-ға ұлғайды. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер несие портфелінің 7,4%-ын құрады. Сақтандыру ұйымдарының активтері 1 трлн теңгеге дейін 13%-ға өсті. Бұл ретте сақтандыру резервтері 13%-ға ұлғайып, 520 млрд теңге болды», - деді ол.

Д. Ақышев сондай-ақ өткен жылы төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған қолма-қол емес операциялардың көлемі 6,4 трлн теңгеге дейін 2 есе өскендігіне назар аударды. Халықтың Интернет және мобильді банкинг арқылы транзакциялары үш есе өсті. Күн сайын бұл арналар арқылы 8,6 млрд теңге сомаға 500 мың операция жүргізіледі.

«Қолма-қол емес төлемдерді пайдалануды кеңейту үшін Ұлттық Банк 7 ақпанда «Suñqar» мобильді телефон нөмірі бойынша мезеттік төлемдер жүйесін іске қосты», - деді сөзін қорытындылай келе Д. Ақышев және бүгінгі күні 3 банк қызмет көрсететінін, сондай-ақ басқа екінші деңгейдегі банктердің кезең-кезеңімен қосылуы күтілетінін атап өтті.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz